

«ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «Қолөнер қасиетті қазына»

Өткізілген күні: қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: ЖК Н. И. Гайып «Ақбөбек» балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, тәрбиешілер, тәрбиеленушілер, ата-аналар және әжелер.

Күн тәртібі:

1. «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес қолөнер көрмесін ұйымдастыру.
2. Ұлттық қолөнер бұйымдарын таныстыру және олардың жасалу ерекшеліктері туралы әңгімелеу.
3. Балаларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Тыңдалды:

Іс-шараны ұйымдастырушы әдіскер Ж. Балгабаева сөз сөйлеп, «Әжелер мектебі» жобасының мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, салт-дәстүрді дәріптеу және үлкендердің өмірлік тәжірибесін балаларға насихаттау екенін атап өтті.

Шақырылған әжелер өз қолдарымен жасаған қолөнер бұйымдарын (құрақ көрпе, текемет, сырмақ, кестелі бұйымдар, тоқыма және басқа да ұлттық бұйымдар) таныстырып, олардың жасалу жолдары, қолданылуы мен тәрбиелік маңызы туралы кеңінен әңгімеледі. Балалар ұлттық бұйымдарды қызығушылықпен тамашалап, сұрақтар қойып, әжелердің еңбегіне ризашылықтарын білдірді.

Іс-шара барысында әжелер ұлттық құндылықтарды сақтау, еңбекқорлыққа баулу, үлкенді құрметтеу туралы тәрбиелік әңгімелер айтып, балаларға ақ тілектерін жеткізді.

Қаулы:

1. «Әжелер мектебі» жоспары аясындағы «Әжелер қолөнер бұйымдарын таныстырды» іс-шарасы өз мақсатына жетті деп есептелсін.
2. Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын осындай тәрбиелік іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
3. Іс-шараның фотоесембі мен материалдары балабақшаның құжаттамасына енгізілсін.

Төраға:



А.Базылбекова

Хатшы:



Ж.Балгабаева





КОЛӨНЕР
КАСИЕТ
КАЗЫНА





КОЛӨНЕР
КАСИЕТ
КАЗЫНА





КОЛӨНӨ
КАСИЕТТ
КАЗЫНАМ



